

ӘОЖ 32.001 (574)

Модернизация және идентификациялық дағдарыстан шығу мәселесі

Ақтолқын Құлсариева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Аталмыш мақалада қазіргі күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселелердің бірі модернизациялану үрдісінің егеменді Қазақстан Республикасының жедел дамуындағы маңыздылығы жайлы кеңінен баяндалады. Сонымен қатар модернизацияның рухани құндылықтан материалдық құндылықты жоғары қою жағдайын ескере отырып, модернизация барысында рухани құндылықтарды алға қою мен оны жан-жақты дамыту мәселелері қозғалған. Ал рухани құндылықтардың сипаттаушы қозғаушы күші ретінде ұлттық идея идеологияның негізгі ұстанымдарын ұстанудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі.

Түйін сөздер: сұхбат, әлеуметтік модернизация, жаһандану, сегунат, күйзеліс, идентификация, ұлтжандылық.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «**Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері**» деген Қазақстан халқына Жолдауында тиянақтап көрсетіп кеткеніндей: «Болашаққа белгіленген ұлан-ғайыр міндеттерді **біріктіруші ұлттық стратегиясыз** жүзеге асыру мүмкін емес».

Қазақ халқының қаймағы алынбаған нағыз қазақы ізгілік түсінігінде «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген керемет мақал бар. Расында, жақсының жақсылығын айту – жақсылықты дәріптеу жолы. Өйткені жақсылықты дер кезінде дөп басып танымаудың, өзгенің жақсылығы деп мойындағысы, танығысы келмеудің өзі де біле білгенге жамандықтың басы. Күндестіктің күйкі сезімі басқаның жетістігін көре алмай, соны жөн-жосықсыз құстаналаудан білінеді ғой. Басқаның салиқалы тәжірибесіне меңіреулік танытпай қабыл алу, онымен терезесі тепе-тең сұхбат жолында жақындасу нағыз өресі кең өрелінің ісі деп білемін. Бұл жеке тұлғалық деңгейде болсын, ел мен ел арасындағы қатынаста болсын растығын дәлелдеген дүние.

Жоғарыда үзінді келтіріп өткен Жолдаудың орталық парадигмасы – Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы немесе әлеуметтік модернизациялануы. Жалпы, модернизация – адами, пенделік ұғым-түсінік. Сондықтан ол қаншалықты ыңғайлы, тиімді деп танылғанымен де, барлық пенделік дүниелер сияқты, кемшіліксіз болмас. Оның да күнгейі мен көлеңкесі, жетістігі мен «әттеген-айы» бар екендігі даусыз. Де-

сек те модернизациялық үрдістердің тигізетін пайдасының оның кемшін тұстарымен салыстырғандағы басымдылығын сол идеяны жүзеге асырған Жапониядан көруге болады. Ендеше модернизациялық өзгерістерді одан әрі тереңдетуге білек түріп кірісіп отырған біздің ел үшін сол жолда талай тәжірибе жинақтаған елдердің өткенінің жақсысынан үйрену, жаманныңан жирену өте маңызды.

Қазіргі таңда модернизация жолына түскен (түсуге мәжбүр болған) дәстүрлі қоғамдар көптеген мәдени, әлеуметтік, экономикалық қиыншылықтарды бастарынан кешіріп отыр. Батыстық мәдениет пен өркениеттің жемісі болып табылатын түсініктер дәстүрлі мәдениетке кері әсерін тигізеді. Әдеттегі қоршаған орта, дәстүрлер, билік жүйесі және шаруашылық негіздерінің өзгеруі мен құлдырауы халықтың басым көпшілігіне кері ықпалын тигізіп отыр. Өмірлік бағыт-бағдардың жоғалуы, шапшаң өзгерістер қарқынына төтеп беру яки тез бейімделу мүмкіндігінің аздығы стресс пен күйзеліске алып келеді.

Азия елдерінің ішінде ең бірінші болып осы модернизация үрдісіне саналы түрде кірісіп, осы бағытта айтарлықтай жетістіктерге жеткен Жапония екендігі ешкімде дау тудырмас. Дегенмен бұл жолдың жеңіл болмағандығын, батыстық құндылықтырды қабылдау құны оңайға түспегендігін де айта кету керек.

Қазіргі таңда «тұйықтық», «жабық болу» мемлекеттің бәсекеге (экономикалық, әскери) қабілеттігінің төмен екендігін, құлдырауға жақындығын, кенже қалғандығын білдіреді.

Алайда ылғи да осылай болып па еді? Біз «ашық болудың» жағымды коннотацияларына дағдыланып кеттік, дегенмен «ашық болу» және «жабық болу» мағыналары өзгермелі және өтпелі тарихи сипатқа ие. Бір ғасыр бойы өзінің тиімділігін дәлелдеп келген түсінік бір сәтте-ақ жаңа заманауи шарттарға қарсы тұруға шамасы келмей қалып та жатады емес пе? Менің пікірімше, біршама уақыт өткен соң «ашық болу» және «жаһандану» идеологиялары да өздерінің күштерін жоғалтуы әбден мүмкін. Себебі оның екінші жағы шаруашылық және мәдени алуандылықты жою болып табылады.

Жапонияны арнайы зерттеушілердің айтуы бойынша, онда қалыптасқан таптық жағдай, топтық жауапкершілік қоғам өмірін күшті регламентациялаумен, яғни қатал реттеумен күшейтіліп отырды. Киім кию және шаш үлгісі, тұрғын үйдің көлемі, құрылымы, тіпті оны тұрғызуға арналған құрылыс материалдары, көлік түрлері, қоғамдық қарым-қатынастар түрлері мен әлеуметтік рөлдер қатаң ойластырылып, сақталып келді.

Дәстүрлі жапондықтың тек физикалық кеңістігі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік кеңістігі де ережелермен реттестірілді. Бұл кеңістіктегі жеке үйлерді, құрылыстарды, дүкендерді, театрларды, қоғамдық үйлерді, егістік орындарын әрқашан билік және дәстүр анықтап отырды. Шаруашылық та, мекен-жай да атадан балаға мұра ретінде беріліп отырды. Тіпті сапарға шығу үшін билік басындағылардың рұқсаты қажет болды. Адамдар теңіздің арғы жағынан – шет елден жақсы өмір іздемеді, басқа халықтардағы сияқты жаңа жерлер тапқысы келген «пионерлік» рух та аз еді деуге болады. Жалпы алғанда, өмір ырғағы мәңгілік қалыптасқан тәртіпке байланысты болды, болашақ өмір белгілі деп есептелінді.

Сегунат өзін тек әкімшілік басшысы деп қана қарастырмай, сонымен қатар халықтың ұстазы, ақылгері деп санады. Осыған байланысты ол мораль құндылықтарын ендіруге белсенді түрде әрекет жасады. Нәтижесінде сегунат жанұялық және шаруашылық міндеттерді мүлтіксіз орындауға байланысты жиі-жиі үкімдер шығарды, тіпті кейбір үйлер тұсында «балаларын жақсы көретін ата-аналар», «ата-аналарын жақсы көретін балалар» деген тақтайшалар ілініп тұрды. Молшылық пен байлыққа, қоғамдық іс-шараларға (көшпелі артистер, театр қойылымдарына, сумо күресіне) қатысуға тыйым салатын

үкімдер жиі шығарылатын. Қымбат әшекейлерді тағу, жібек киімдерді кию, үлкен той өткізу, қымбат тағам, көп шарап ішу, қымбат темекі шегу қатаң сынға алынып отырды. Үнемділік, шашау шығын шығармау ең басты құндылық ретінде дәріптелді. Сол Токугава кезеңі Жапония мәдениеті үшін, шындығында, «алтын ғасыр» болды.

XIX ғасырдың ортасы Жапонияның еуропалық өркениетпен қақтығысына алып келіп, нәтижесінде алғашқы өмір ырғағының жүйесі бұзылып, Батыс мәдениеті қойған талаптарға жауап беруге байланысты белсенді ізденіс басталды. Шынтуайтына келгенде, бұлардың барлығы ұлттың өзіне деген құрметінің төмендеуіне, соның нәтижесі ретіндегі кембағалдық комплексіне және көптеген психологиялық стрестерге де алып келеді.

Сол XIX ғасыр соңында Жапония мен Батыстың арасындағы үлкен айырмашылықты байқаған жапондықтар өздерін «жеткілікті дамымаған» халық ретінде, ал елдерін «кенже» қалған деп есептей бастады. Идентификация күйзелісі жан-жақты сипат алып, тек мәдени-саяси салада ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалық дәрежеде де өз салдарын көрсетіп жатты.

Дегенмен де қоғамдағы бұл басым көңіл күйді толағай «күйзеліс» болды деп айту қате болар еді. Күйзеліс соңы мықты болсаң қасқайып қайта көтерілуге, бос болсаң морт сынып, мүжілуге аппаратындығы тұлғалық психологиядан да белгілі жай емес пе?! Сол сияқты жапондықтардың бастапқыда зиялы қауымы, кейіннен қарапайым халқы да Батысты қуып жете алатын мүмкіндіктеріне сене бастады. Осы мақсатқа жетуде билік басындағыларға интеллектуалды тұрғыдан қатты ықпал еткен жапон ағартушыларының туған тіліне аударған Герберт Спенсердің социал дарвинизм ілімі болды. Спенсердің ілімімен нәрленген жапондықтар «прогресс» алғашында жекеленген тұлғалар арасындағы бақталастан, кейіннен топтар арасында, ақырында, ұлттар арасында жүретін бақталастықтан басталады деп есептеді. Содан бастап «өркениетке (батыс өркениетіне) жақындау», «бай мемлекет және мықты әскер құру», «жапондық рух және батыстық білімге ие болу» жапондықтардың басым идеологемаларына айналды. Мемлекеттік деңгейде жүргізілген реформаның басты мақсаты өз тәуелсіздігін сақтай алатын, сонымен қатар еуропалық мем-

лекеттер клубына еніп, тең дәрежелі серіктес ретінде қабылданатын мемлекетті құру болды.

Еуроорталықтық көзқарастың дегені жүріп тұрған сол бір кезде батыстық көптеген адамдар өздерінің экономикадағы, әскери істерде, ғылымда және мәдениеттегі басымдығына сеніп, өздерінің колониялық экспансиясын ақтайтын саналы себеп іздеп, өздеріне ұқсамайтын колониялық халықтарды жабайы, артта қалған деп санағандығын жасыра алмайсың. Осыған орай, физикалық антропология саласындағы зерттеулер батыстықтардың басымдығын негіздеу ретінде қабылданды. Жапония да «артта қалған» мемлекет деп есептелгендіктен, оның тұрғындары жағымсыз сипаттан құтыла алмады. Ендеше жапондықтардың «дене реформасы» осы мәселеден туындады.

«Денені түзету» (бұлшық еттерді шынықтыру, бойды өсіру, қисық аяқты түзету) өте ұзақ мерзімді қажет етеді. Сондықтан да алғашқы кезеңде денені еуропалық киіммен жасыру әлдеқайда оңайға соқпақ. Демек, еуропалық киім кию арқылы табиғатынан биік те еңселі еуропалықтармен салыстырғанда, шындығында, әлжуаз көрінетін жапондық өзін еуропалықпен теңестіре алады. Соның нәтижесінде 1871 жылы шенеуніктердің барлығына еуропалық киім кию қажеттігі туралы қаулы шықты. Император Мэйдзидің бұйрығында: «Біздің пікірімізше, киім сәні түрлену барысында жақсы жаққа өзгеруі тиіс, ал оны мемлекеттік қызметкерлер өздерінің беделімен анықтап отыруы қажет. Қазіргі біздің сырткіім және баскиім үлгілеріміз ежелгі Тан мемлекетіндегі дәстүрлер бойынша қалыптасқан. Олар төмен түсіп тұрады және әлсіздікті білдіретін сияқты сыңай танытады. Бұл жақсы емес. Біздің тамаша елімізде билік ертеден әскери күшке негізделіп келген болатын. Аспан ұлы әскери басшы болатын, ал адамдар болса оның келбетіне бас иетін. Әлсіз көрініп тұрған адам Аспан астын қалай ғана басқара алады? Сондықтан да біз киім кию үлгісіне байланысты қалыптасқан дәстүрлерімізді өзгертіп, ежелгі ата-бабаларымыздың кезеңіне қайта оралып, әскери адамға құрмет көрсететін мықты мемлекет құрамыз. Сіздер, біздің қол астымыздағылар, біздің еркімізді дұрыс қабылдаңыздар», – делінген.

Осылайша, жапондықтардың қытай дәстүрі негізіндегі киім үлгісі өзгеріске ұшырай бастады. Қаулы мәтінінен көрініп тұрғандай, еуро-

палық киім бірінші кезекте әскери униформа ретінде қабылданды. Сол кезеңнен бастап ер адамдардың дәстүрлі киім кию үлгісі жойыла бастайды. Мэйдзи императордың өзі 1872 жылы көпшілік алдына толықтай еуропалық үлгідегі мундир киіп келіп, үлгі көрсетті.

Сол XIX ғасырда жапондықтар өздерінің азиаттық идентификациясынан құтылуға ұмтылып (бірақ ол болмайтын тірлік қой), еуропалық халықтар «жанұясына» кіруге тырысты. Алайда батыстағы расизм оларды Азияға қайта-қайта итеріп тастап отырды. Нәтижесінде паназиатизм, «азиат-бауырлар» идеялары күн тәртібіне шығып, жапондықтарға азиаттықтар арасындағы «үлкен аға» рөлі тиді. Бұл идеяны жақтаушылар Корея, Қытай, Үндістанда да табылғанымен, бұл елдерде мемлекет түзуші ұлттың өзі әлі қалыптасып үлгермеуіне байланысты азиаттық идентификация жөніндегі мәселе жаппай қолдау көрмеді.

Жапония XVII ғасыр басынан XIX ғасырдың ортасына дейін ішке кіруге және сыртқа шығуға толықтай «жабық» мемлекет болған. Онда тек біраз ғана корей және қытай саудагерлеріне елге кіруге рұқсат берілген еді. Ал енді XIX ғасырдың 70-жылдары еуропалықтарға қақпасын ашуға мәжбүрленген ұлт өзінің еуропалық халықтармен салыстырғанда артта қалғанын сезінгенімен, халық арасында айтарлықтай пессимизм орын алған жоқ. Олар өздерінің кенже қалуына сегунаттың жабық саясаты кінәлі екендігіне сенді. Даму тек сыртқы әлеммен қатынасқа түскен кезде, идеялар алмасудың арқасында жүретіндіктеріне көздері жетті. Жоғарыда аталып өткен Герберт Спенсердің «социал дарвинизм» ілімі жапондықтарға қатты ұнады және олар сол ілім бойынша алға дамуға ұмтылды. Жабайы, жартылай мәдениетті және мәдениетті адамдар арасында бір-бірлерінің деңгейіне өтетін мүмкіндік бар, оған білім қажет, сол кезде барлығына да қол жеткізуге болады деген сенім жапондықтарды алға жетеледі. Нәтижесінде жапондықтар ұзақ та қауырт еңбектену және білім алу арқылы бұрынсоңды болмаған ұлттық мәдениет концепциясын құра білді.

Модернизация жолына түскен Қазақстан үшін де кездеспей тұрмайтын кембағалдық комплексі аяққа шылау болмай, қайта өсу нүктелерін көрсетсе жақсы болар еді. Әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар адамның рухани сұранысын қанағаттандыру кезек күттірмес

маңызды шаралардың бірі екені белгілі, өйткені ол адами капиталды күшейтудің бірден-бір жолы. Тәуелсіздікті нығайта түсудің басты шарттарының бірі – адамдардың бойында еліміздің тәуелсіздігін баянды ететін ұлттық келісім рухын және отансүйгіш ұлттық идеологияны нығайту. Елдің рухын және идеологиясын көтеру, ұлтжандылық қасиетін қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміз үшін айрықша маңызды мәселе бо-

лып отыр. Өйткені материалдық байлығымен танылып қана қоймай, ұлттық ерекшелігі сақталған рухани құндылықтарын дәріптеген, идеологиясы мықты, тарихи зердесі таза мемлекет ертеңгі күні халықаралық қауымдастықтың ортасында өзінің мәдени-адами қорымен зор беделге ие болады. Сол жолда ұлттың рухани діңгектерін нық қадайтын ұлттық идея, алға қойған биік мақсат болуы тиіс.

Актолкын Құлсариева

Модернизация и проблемы выхода из идентификационного кризиса

В данной статье рассматривается одна из актуальных проблем на сегодняшний день – проблема модернизации. Автор подчеркивает важность модернизации в развитии независимой Республики Казахстана. Учитывая тот факт, что в процессе модернизации, прежде всего, ценятся материальные ценности, нельзя забывать о продвижении духовных ценностей. В качестве опорного толчка развития духовного потенциала страны автор выдвигает идеологию идеи национализма как одного из важных факторов развития духовной стороны народа.

Aktolkyn Kulsaryieva

Modernization and issues of overcoming identification crisis

This article considers one of the most topical issues of modern society problem of modernization. Author underlines significance of modernization for development of Independent Republic of Kazakhstan. If to take into account, that material values are higher evaluated than spiritual values in the process of modernization, we must not forget about evolvement of spiritual values of a country. As source for development of spiritual values author offers ideology of idea of nationalism as one of the main factors in development of spiritual side of people.